

Астана қаласы, №88 мектеп-лицейінің 2022-2023 оқу жылында атқарылған іс-шаралар

1. Бағыты: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

«Астана – болашақтың қаласы» тұжырымдамалық бағыты

Елорданың патриоттық тәрбиесінің өңірлік жүйесінің компоненттеріне: мектеп мұражайлары, іздеу жасақтары, балалар қоғамдық бірлестіктері, кадет сыныптары; балалардың өлкетану және экскурсиялық бірлестіктері, мектеп театрлары, балалар фольклорлық ансамбльдері, әскери-тарихи ойындар мен қайта құрулардың балалар бірлестіктері, әлеуметтік әріптестік пен желілік өзара іс-қимылды ұйымдастыру жатады.

2. Бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жаңғырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.

«Астана – шығармашылық жаңалықтар қаласы» тұжырымдамалық бағыты

Қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесінің маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі - жеке тұлғаның сәтті әлеуметтенуіне жағдай жасау, оның бастысы балалардың әлеуметтік белсенділігін дамыту: қоршаған шындықты шығармашылық қайта құруға, қиындықтарды жеңуге, қазіргі заманға және болашақты жобалауға белсенді көзқарас.

3. Бағыты: Ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

«Астана – бір ел , бір тағдыр» тұжырымдамалық бағыты

Қазақ халқының тарихы мен дәстүрлерін білу; адамгершілік, рухани және гуманистік құндылықтарды тәрбиелеуге негізделі отырып әлеуметтік тарихи тәжірибені беру; қазақстандық патриотизм рухында жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу арқылы белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру қамтамасыз етіледі.

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

«Астана - отбасы аумағы» стратегиялық бағыты

Отбасы тақырыбы адам үшін өмір бойы өзекті. Отбасында адам қауіпсіздікті, рухани жайлылықты, қарым-қатынастың эмоционалды байлығын табады. Отбасылық қатынастар, отбасының өмір салты – мұның бәрі балаға, содан кейін оның бүкіл өмірінің сапасына әсер етеді. Сондықтан жас тұрғындарға адам үшін өмірлік маңызды құндылық және тірек ретінде отбасына деген көзқарасты қалыптастыруға көмектесу өте маңызды.

5.Бағыты: Еңбек, экономика және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүйю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.

«Астана жаңа мүмкіндіктер қаласы» стратегиялық бағыты

Осылар арқылы қамтамасыз етіледі: кәсіптік бағдарлы қолдау және болашақ мамандықты таңдау процесінде білім алушылардың өз даралығы мен жеке ресурстарын ұғыну; білім алушылардың ішкі шығармашылық әлеуеті мен жеке тұлғалық мүмкіндіктерін дамыту; экологиялық проблеманы жетілдіру, зерделеу.

6 Бағыты: Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

«Астана –мәдениет ошағы» стратегиялық бағыт

Осылар арқылы қамтамасыз етіледі: ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, тіл мен музыканы, әдебиетті сақтау және танымал ету; қоғамдық сананы жаңғыртуға негізделген әлеуметтік-гуманитарлық құндылықтарды игеру және түсіну және өз қызметінде оларға бағдарлану.

7. Бағыты: Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

«Астана -білім әлеміндегі вектор» стратегиялық бағыты

Цифрлық экономика үшін құзыреттер мен дағдыларды дамыту; әлеуметтік белсенділікті, цифрлық модельдер арқылы интерактивті өзара іс-қимылды арттыру арқылы қамтамасыз етіледі.

8 Бағыты: Дене шынықтыру, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

«Астана - денсаулық аумағы» стратегиялық бағыты

«Нұр-Білім беру ұйымының практикалық-бағдарланған тәрбиелеу ортасын құру; өзін-өзі үздіксіз жетілдіруге, ойын арқылы салауатты өмір салтына және еңбек қызметіне қызығушылығын тәрбиелеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Есебі

2022 жылдың 15 қыркүйегінде №88 мектеп лицейінде тілдер мерекесі аясында «Тіл жанашыры-ел жанашыры» тақырыбында, -мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру. Оқушылардың тілге, Отанға деген құрметін арттыру, сүйіспеншілік сезімдерін ояту мақсатында іс-шара өтті.

Бұл іс-шараға арнайы шақыртылған қонағымыз «Құрмет» орденімен, «Еңбектегі Ерлігі үшін», «Белсенді қызметі үшін», «ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл», «ҚР тәуелсіздігіне 20жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған, «Қазақ КСР оқу ісінің үздігі» белгісі, Астана қаласы әкімінің Алғыс хатының иегері- Асанғазы Оразгүл Асанғазықызы.

Тәлімді ұстаз, білікті басшы ретінде Оразгүл Асанғазы бірнеше буын ұрпақты тәрбиелеп, елімізде білікті де білімді педагог кадрлар даярлауда өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Мектеп мұғалімдігінен басталған еңбек жолы мен бүгінгі жеткен биік белесі шәкірттері мен өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге. Оразгүл Асанғазықызы оқушыларға Тіл мәртебесін көтеруге өскелең ұрпаққа үндеу жасап, жігіттерімізді рухты, қыздарымыздың инабатты болуына тиек болатын әңгіме өрбіте отырып, оқушыларды өз тілін сүйуге, құрметтеуге, мақтан тұтуға баулыды.



<https://www.instagram.com/p/CiiGdWAspx5/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

"Денсаулық-басты байлық өмірдегі. Нәр беретін асыл ғой көңілдегі" Салауатты өмір салтын насихаттап 9 қыркүйек күні мектепбімізде Денсаулық күніне байланысты әр түрлі жарыстар, бой жазу жаттығулары мен көңілді эстафеталар өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/CiW3-2rj0JT/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

17 қыркүйек күні №88 мектеп-лицейінің ұжымы "Бірге таза Қазақстан" күзгі экологиялық айлағы және Дүниежүзілік тазалық күні аясында жалпықалалық сенбілікке қатысып, мектеп ауласын тазалады.



<https://www.instagram.com/p/Cim047xrdjs/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

21-қыркүйек күні 2022 жыл - "Балалар жылы" аясында мектебімізде 3 сыныптар арасында "Әкем, анам және мен!" атты отбасылық эстафеталық ойындар өткізілді. Сайысқа 3 "Ә" сыныбынан "Ақ отау" командасы, 3 "В" сыныбынан "Арыстан" командасы, 3 "Ж" сыныбынан "Гезер" командасы қатысып қызықты да көңілді кедергілерден өтті. Сайыстың ұпай сандарына қарай бірінші орынды "Ақ отау», екінші орынды "Гезер", үшінші орынды "Арыстан" командалары иеленіп, мадақтама қағаздарымен марапатталды.

<https://www.instagram.com/reel/CiwGj8eoQjO/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

2022 жылдың 22 қыркүйегінде ҚР Ұлттық музейінде “Балалар жылына” орай “Музейдегі мектеп күні” мәдени-ағартушылық жобасының аясында тарих пәнінің мұғалімі Шапишева Ботагоз Кайратовна 88 мектеп-лицейінің 7 сынып оқушыларына “Абылай ханның ішкі саясаты” тақырыбында шығармашылық және экскурсиялық сабақ өтті. Осындай жобаның нәтижесінде оқушының бойында тарихи сана, толеранттылық, өз елінің тарихына құрмет қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту және мектеп пен музей арасында алтын көпір орнатуға мүмкіндік берді.

<https://www.instagram.com/p/Ci2fOboINMU/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

28 қыркүйек күні қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ онкүндігінің жоспарына сай мектеп директоры, қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Айтова Жанат Тұрысбекқызының ұйымдастыруымен оқушылар мен ұстаздар қауымына Абай ғұмыры, Абай жолы, Абай тағылымы өнеге болсын деп, ұлт ұлықтаған ұлы тұлғаны ұлықтап жүрген, "Абай хикаяттары" жинағының авторы, тірі тарихи тұлға Алмахан Мұхаметқалиқызымен кездесу ұйымдастырылды. "Адамзаттың ақыл-ойы, парасатының ірі тұлғасы - Абай тағылымы" тақырыбында өткен тәрбиелік мәні зор, тағлымға толы тамаша, жылы кездесуде қатысушылар құнды ақпараттар, тың деректермен сусындап, рухани байып тарқасты. Бұл әсерлі кештің өз көрерменіне берері мол болды.



<https://www.instagram.com/p/CjJyqycI9UV/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Астана қаласы, №88 мектеп-лицей директоры Айтова Жанат Турысбековна барша ұстаздарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, ұстазынды құттықта челленджін бастап берді. Аталған челленджге мектебіміздің оқушылары мен ата-аналары бірдей ат салысты. Ата-аналар мен оқушылар құттықтау видеоларын мектеп инстаграмм парақшасына жолдады, мектептің инстаграмм парақшасында төмендегі хештегтермен жарияланды.

#ұстазындықұттықта

#ұстаздармерекесі

#ұстаздаркүнімен

<https://www.instagram.com/reel/CjIXIZRDIVh/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/reel/CjIZJUvjN5x/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>
<https://www.instagram.com/reel/CjIZ-t1D99V/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Сонымен қатар Ұстаздар күніне орай № 88 мектеп-лицейінде 30.09.2022 жылы «Өзін-өзі басқару ұйымы «Дулер күнін» ұйымдастырды.

Мақсаты: мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.



<https://www.instagram.com/p/CjPHI79oLFd/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

1-қазан "Қарттарым-асыл қазынам" деп қарайтын біздің қоғамда үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүрі-қазақ халқының ата-салты екені белгілі. Осы сөздердің дәлелі ретінде 1-11 сыныптар арасында бейнероликтер челленджі басталды. Оқушылар түсірген бейнероликтеің #ns_день_пожилых хештегі арқылы өз инстаграмм парақшаларына және мектеп инстаграмм парақшаларында жариялады.

https://www.instagram.com/reel/CjRf_7XItLM/?igshid=YmMyMTA2M2Y=
<https://www.instagram.com/reel/CjQXSQIDm1-/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

2022 жылдың 4 қазанында Астана қаласы әкімдігінің Діндерді зерттеу орталығы ақпараттық түсіндіру бөлімінің мамандары Зейнулғабиден Нұрмағанбет Жолымбетұлы, Шонғараев Алмаз Рүстемұлы, Астана қаласы №88 мектеп-лицейінің 10-11 сынып (147) оқушыларымен "Зайырлы мемлекет саясаты" діни сауаттылықты арттыру, экстремистік топтар мен деструктивтік діни бірлестіктерге қарсы түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін кездесу өткізілді. Кездесуде дәстүрлі исламның қағидаларын насихаттап, дін атын жамылған және радикалды идеяларды насихаттап жүргендерге еріп кетпудің жолдары түсіндірілді.

Қазіргі кездегі әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа қауіп төндіріп отырған ғаламдық мәселе - діни экстремизм мен терроризм. Сондықтан

оқушының бойында экстремизм мен терроризмге қарсы тұру иммунитетін дамыту, азаматтық қоғамға сай әлеуметтік мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру - басты міндеттердің бірі саналады.



<https://www.instagram.com/p/CjTC--iMEmu/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

2022 жыл «Балалар жылына» орай мектебімізде "Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік!" атты, оқушылардың жолда жүру ережесін, жол белгілерінің түрлері жайында білімдерін толықтыру мақсатында 1-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізілді.



2022 жылдың 18 қазанында №88 мектеп-лицейінде оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау іс-шарасы өтті. Сайлауалды науқанның алғашқы күнінен бастап оқушылар үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, оқушылардың дарындылығын арттыру, таланты мен креативтілігін дамытуға бағытталған жаңа жобалары мен идеяларынан арнайы бағдарлама дайындап, таныстырды. Үміткерлер болашақта мектеп өміріне түрлі бағыттағы қызықты іс-шараларды ұсынып, сайлауалды дебат барысында оны мазмұнды өткізу жолдарын дәлелдеді. Биылғы мектеп Президенттігіне

үміткер болып бес оқушы тіркеліп, өздерінің жұмыс жоспары мен алға қойған мақсаттарын жариялап, үлкен белсенділік танытты. Президенттікке үміткер оқушыларды сайлауға мектеп оқушылары мен мұғалімдер қатысып, белсенді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, мектеп басшылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатыса алатын жауапты, тәртіпті кандидаттарына дауыс берді. Нәтижесінде мектебіміздің 10 «А» сынып оқушысы Акпаров Амиржан басым дауысқа ие болып, мектеп Президенттілігіне сайланды.

<https://www.instagram.com/p/Cj4JxdTo5NH/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

25-қазан Республика күніне орай 2022 жылыдың 20 қазанында «Тұңғыш Президент кітапханасында» 8 сыныптар арасында «Тарихы сырлы- ертеңі нұрлы ғажап ел» тақырыбында іс-шара өткізілді. Мақсаты: оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүйуден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.



Елордамызда алғаш рет 2022 жылдың 21 қазанында “Jas DEBATER” пікірсайысшылар құрылтайы өтеді. Құрылтайдың негізгі мақсаты “ Мектеп лигасының” Лидерін сайлау, қала бойынша клуб жетекшілері арасында networking құру, Лига жұмысын дамыту. Құрылтайға қатысу үшін әр мектеп өз делегатын сайлады. Жиын қорытындысы бойынша көпшілік дауыспен “ Әділет 88” дебат клубының делегаттары болып төменгі оқушылар сайланды:

9 сынып Туркменбай Алан
9 сынып Уринбасарова Диана
9 сынып Каратаева Аружан

<https://www.instagram.com/p/Cj3EXUVsOjR/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

25-қазан Республика күніне орай «Менің отаным – Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Өткізілген сынып сағаттарынан үзінділерді сынып жетекшілері мектеп инстаграмм парақшасына жариялады.

2022 жылдың 8 қарашасында Астана қаласы №88 мектеп-лицейдің 9-11 сынып оқушыларына жасөспірімдер қылмысының және құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ қоғамға қарсы іс-әрекеттердің, сайлау алдындағы іс-шараларға қатысты бұзақылық фактілердің алдын алу мақсатында Есіл аудандық полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімінің инспекторы полиция капитаны Нурмаганбетова Дана Жамбыловнамен құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



<https://www.instagram.com/p/CkvEXOjrdHd/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

2022 жылдың 10- қарашасы күні 11 сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру мақсатында Чехия университетінің Қазақстандағы өкілі, кураторы Мадина Карменовамен кездесу өтті. Оқушыларға Чехияда жоғары білім алудың мүмкіндіктері мен оқуға түсу жолдарына бағдар берді.



<https://www.instagram.com/p/CkxjK65LgJR/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Балалар – өздеріне қатысты қатыгездіктің барлық түрлерінен ерекше қорғауды және жоюды талап ететін азаматтық қоғамның ең қорғансыз санаты. Зорлық-зомбылық пен зорлық-зомбылықты отбасының жеке ісі ретінде емес, мемлекет пен бүкіл қоғамның назарын қажет ететін әлеуметтік құбылыс ретінде қарау керек екенін түсіну өте маңызды.

Ағымдағы жылдың 9–20 қараша аралығында балаларды зорлық-зомбылықтан, қатыгездіктен алдын алу мақсатында «Қатыгездік пен зорлық зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқаны өтті.

Ақпараттық науқанның мақсаты:

- балаларды қатыгездік және немқұрайдылықпен қарау проблемасына қоғамның назарын аудару;
- қоғамда балаларды қатыгездікке төзбеу көзқарасын қалыптастыру.

№88 мектеп-лицей әлеуметтік педагогы 10-11 сынып арасында дөңгелек үстел ұйымдастырып «Мейрам» студиясының «Бақытты балалық шақ» фильмін көрсетті. Оқушылар өз ойларымен бөлісіп, пікір алмасты.

<https://www.instagram.com/p/CIF-eOWL9sP/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында 5-11 сыныптар арасында сурет сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа мектеп оқушылары белсене қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/CIEZOPRj7He/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

«Я имею право» тақырыбында эссе жазу сайысы өткізілді. Сайыс нәтижесі төмендегідей

Среди классов с русским языком обучения:

5-е классы

1 место – Азерболат Жанель 5 В, Қанатқызы Гаухар 5 Ж;

2 место – Тохтахунова Руфина 5 В;

3 место – Шугаева Сания 5 Ж..

7-е классы

1 место – Раимкулов Таир 7 Д

2 место – Актаева Аида 7 Д

3 место – Ихсанов Ауез 7Д, Мальцев Дима 7 Д.

8-е классы

1 место – Жумагалиева Аяна 8В

2 место – Алибек Аиша 8В

3 место – Мурат Алина 8В

9-е классы:

1 место – Амангельдина Аделина 9 Б, Кожамет Адина 9 В

2 место – Мухаметжанова Диана 9 Б, Султанова Нурмахаббат 9 В

3 место – Бутакова Ольга 9 Б, Жолдасов Алижан 9 В

10-й класс

1 место - Бекбасова Айгерим 10 В

11-е классы

1 место Корганбек Мухамедрахим 11 В,

2 место – Байботаев Амир 11 Б

3 место – Амангельдина Аружан – 11 Б.

Среди классов с казахским языком обучения:

7-сыныптар:

1 орын – Сағындық Наз 7А, Жагупарова Томирис 7 Г

2 орын – Кабзолдина Ырыскелді 7А

3 орын – Муратбек Жасмин 7 А

8-сыныптар:

1 орын – Жұмай Алина 8 К,

2 орын - Күмісбек Іңкәр 8 А,

3 орын - Танат Дидар 8 Ә.



<https://www.instagram.com/p/CIF8sD1r1Gy/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

2022 жылдың 21 қарашасында мектебіміздің 7-11 сынып оқушыларына Астана қаласы ПД Патрульдік полиция полкі кезекші бөлімінің бастығы полиция майоры Асхат Жумағалиев "Жол жүру ережесін сақтау" тақырыбына дәріс оқып, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Жол жүру ережесін сақтамаған кезде орын алған жол көлік оқиғалары туралы бейнефильм көрсетілді.



https://www.instagram.com/p/CIOcog_s20u/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

2022 жылғы 25 қараша 10 желтоқсан аралығында «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет акциясы» аясында мектебіміздің

өзін-өзі басқару ұйымының «Қауіпсіз қоғам, қауіпсіз мектеп» тақырыбындағы бейнеролигі мектеп инстаграмм парақшасына жарияланды.

<https://www.instagram.com/reel/ClnqyhUj-Ez/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

2022 жылдың 29-30 қараша күндері «Мектеп пен ата-ана, оқушы арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

<https://www.instagram.com/reel/ClybToToM2h/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай "Отан отбасынан басталады" атты челленджі

Мақсаты: Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның моделін дайындау. “Отбасы - Отанның бір бөлшегі” екенін ұғындырып, оқушылардың бақытты жанұяға деген қызығушылығын арттыру. Жанұяда сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, жанұяның мақтаны болуға тәрбиелеу.

«Отан отбасынан басталады» деген ата-бабалардан қалған қасиетті сөздің мән-мағынасы өте тереңде жатыр. Тереңірек үңіліп, ақылмен ойланып қарайтын болсақ, әрбір отбасы - өз алдына жеке бір Отан. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. «Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі» десек, артық емес. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынаста, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы - алғашқы қадам. Сондықтан, отбасы - өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге (ауыстыруға) болмайтын баспалдақ. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі.

https://www.instagram.com/reel/C17_tesDTFQ/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

2022 жылдың 7 желтоқсанында М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған білім беру ұйымдарының әкелері мен жасөспірімдер арасындағы «Рахмет саған, туған ел!» атты IV қалалық патриоттық әндер байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты: әкелер мен балалардың музыкалық-теориялық қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қолдау.

Айта кетейік, 2022 жылдың 30 қарашасында қатысушылардың іріктеу кезеңі (бейнероликтерді қарау) өтті, онда 28 бейнематериал қаралды. Байқаудың финалына келесі білім беру ұйымдары өтті: №15,22, 38,40,50,60,66,73,74,86,87,88,90,61. Жалпы қатысушылар саны елорданың 200-ден астам әкелері мен жастарын құрады.

Байқау қорытындысы бойынша біздің қатысушыларымыз 3-орынға ие болып, Білім басқармасының Алғыс хатымен марапатталды.



<https://www.instagram.com/p/CmMhQDrrM0k/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

2022 жылдың 15 желтоқсан күні мектебімізде аға тәлімгер Нуракова Нурсауле Уринбаевнаның ұйымдастыруымен

Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына салтанатты қабылдау рәсімі өткізілді.





<https://www.instagram.com/p/CmMqLUKrJOD/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Тұңғыш Президент кітапханасында мектебіміздің оқушыларына арналған “ Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы” тақырыбында кездесу кеші өткізілді. Кездесу кешін жүргізген ғылыми қызметкер Мусина Назира Касимжановна. Мақсаты: Оқушылардың дүниетанымдарын кеңейту, шығармашылыққа баулу арқылы сөздік қорларын, тіл байлықтарын дамыту. Өз Отанын сүйетін ұлтжанды азамат болуға тәрбиелеу арқылы оқушылардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыру, сыйластыққа, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.

Желтоқсанның екпінімен келген Тәуелсіздіктің біз үшін орны қашан да бөлек. Сондықтан да «толарсақтан саз кешкен» батыр бабаларымыздың әр жылда түгілген қанының, ұлы мұраттар жолында құрбан болған асыл азаматтарымыздың асқақ армандарының, сәбиін білегімен, даласын жүрегімен тербеткен аналарымыздың аққан жасының, Жаратқаннан тілеген медетінің арқасында қол жеткізген Тәуелсіздікті біз әрқашан мақтан тутып, қастерлей білуге тиістіміз. Біле білсек, бұл біздің азаматтық парызымыз, адамдық борышымыз.

<https://www.instagram.com/reel/CmN7FVRomPg/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Ұлттық академиялық кітапханасында “ Оқитын бала-оқитын ұлт” тақырыбында Тәуелсіздік күніне орай 7-сынып оқушыларымен іс-шара өтті.

<https://www.instagram.com/reel/CmO7lR5DPRw/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

13 желтоқсанда 9 сыныптар арасында “БП сыбайлас жемқорлық жасаған саясаткерлерді анықтаудың механизмін ұсынады” атты тақырыпқа пікірсайыс ойнатылды. Пікірсайыс барысында ойыншылар жемқорлықтан туындайтын мәселерді жан-жақты қарастырып, мәселені шешудің әртүрлі жолдарын айтып ортаға салды.

Мақсаты: Оқушыларға “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.

- Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту
- Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру.

<https://www.instagram.com/reel/CmO8CciDlbS/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

20 желтоқсан күні №88 мектеп-лицейінде "Абай әлемі" клубының Бас жетекшісі Роза Ғарифоллақызы "Абай әлемі және тіл дамыту" курсы туралы презентация өткізді.

Оқушылар қазақ тілі мен ұлттық салт-дәстүрді терең білуге және дамытуға қызығушылықтарын көрсетті.



2022 жылдың 29 желтоқсанда Есіл аудандық сотының судьясы А.Н. Ешмагамбетова "Есірткі заттарының зияны туралы" №88 мектеп-лицей оқушыларына дәріс оқыды.



2023 жылдың 13 қаңтарында Астана қаласы №88 мектеп-лицейінде мектепшілік Ұлттық пікірсайыс ойынының іріктеу турнир өткізілді. Іріктеу турнирінде қарастырылған тақырып:

«Бұл палата Қазақ хандығы тарихындағы ең үздік Ханды көрсетеді»

Турнирге қатысқан қазақ лигасы:

1 орын – «Жас тұлпар»

Түрікменбай Алан 9 сынып
Азаматұлы Мусахан 9 сынып

2 орын - «Әділет»

Уринбасарова Диана 9 сынып
Смагулов Алишер 9 сынып

3 орын - «Дарын»

Жұмаханқызы Мадина 9 сынып
Есболат Алима 9 сынып





17 қаңтар 2023 жылдың “Адамның эмоционалды интеллектісін (EQ) дәл өлшеу мүмкіндігін ескере отырып, БП тек EQ деңгейі жоғары адамдарға ата-ана болуға мүмкіндік береді” атты тақырыпта пікірталас өтті.



№88 мектеп-лицейінің 5 «Ә» сынып оқушылары Астана қаласы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Балалар әдебиет залында жазушы, балалар ақыны, аудармашы Ермек Өтетілеуовтің туғанына – 85 жыл толуына «Бала тілін тапқан ақын» атты брейн-ринг шарасы өтті. Бұл шараның мақсаты балалар ақыны Ермек Өтетілеуұлының өмірі мен шығармашылығымен таныса отырып, адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейлікке, әдептілікке, еңбексүйгіштікке үйрету. Адам бойындағы ұнамы, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту. Жаманнан

жиренуге, жақсыны үйренуге тәрбиелей отырып, оқушыларды кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.



"Қар десанты" акциясы

2023 жылдың 19 қаңтар күні «Қар десанты» еріктілер акциясы өткізілді. Акция барысында білім мекемесі өз аумағындағы қар тазалау жұмысын ұйымдастырды. Еріктілер акциясына Мектеп Парламенті мүшелері және мектеп белсенділері ерікті түрде қатысып, мектеп аумағын қардан тазалады.

«Қар десанты» акциясы төмендегідей кезеңдерден тұрды.

1. Өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары акцияның өткізілу тәртібімен танысырып, қауіпсіздік ережелерін түсіндірді.
2. «Біз біргеміз» флешмобын билед.

3. Мектеп ауласындағы қар тазалау жұмысына кірісу. Қар тазалау барысында оқушылардың қауіпсіздігі қатаң бақылауда болды. «Қар десанты» акциясының мақсаты оқушылардың бойындағы патриотизмді дамыту және отансүйгіштікке тәрбиелеу.





<https://www.instagram.com/reel/Cnl-AXkDjxH/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

2023 жылдың 22 қаңтарында мектебіміздің пікірсайысшылары Түрікменбай Алан және Азаматұлы Мусахан “Ұшқыр ой алаңы” пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңінде белсенді өнер көрсетіп, тартысты бәсекелестік танытты.

3 іріктеу раунды нәтижесінде 5 ұпай жинап ерекше көзге түсті.





<https://www.instagram.com/p/CnuQ0WaraIR/?igshid=MzRIODBiNWFIZA=>
=

2023 жылдың 1 ақпан күні Астана қаласы №88 мектеп-лицейінің 5-6 сынып оқушыларына жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және жолда жүру ережелерін сақтау бойынша Есіл аудандық полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімінің инспекторы полиция капитаны Нурмаганбетова Дана Жамбыловна құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізді.





<https://www.instagram.com/p/CoHcyuqLiaR/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Ақпан айының 6-7 күндері Елордамыздың төрінде “ Астана жастары ЖРО” КММ қолдауымен Астана қаласы әкімдігінің 88 мектеп-лицейі, “Infinity” пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен “Infinity” қалалық турнирі өтті

Турнирге 50-ден астам команда тіркеліп, 28 команда іріктелініп алынды. Қаламыздың ең мықты командалары 2 күн бойы тартысты әрі бәсекеге толы ойындар көрсетіп, мол тәжірибе жинады.

<https://www.instagram.com/reel/CocZUu7jk61/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/reel/CocZgW9Dbx5/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

2023 жылдың 17- ақпан күні №88 мектеп-лицейінде салауатты өмір салтын сақтау мақсатында "SPORT TIME" акциясы өтті.

17 февраля 2023 года с целью сохранения здорового образа жизни прошла акция "SPORT TIME" в школе-лицей №88.

#ДенсаулықАлаңыАстана

#Спортtime

@parlament_school_student

@bilimastana

@rumcdo_official

<https://www.instagram.com/reel/CoxXiN4DXyL/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

1 наурыз- Алғыс айту күні

Алғыс айту күні – сан түрлі сынақтардан өткен халқымыздың ынтымақ-бірлігін айғақтайтын ерекше күн.

Мерекеде адамдар өздерінің ризашылықтарын білдіреді. Осыған орай 88 мектеп-лицейінің 9"Ә", 9"К" сынып оқушылары "Алтын жүрек" челленджи аясында мұғалімдерге өздерінің ыстық ықыластарын білдіріп, алғыстарын айтты.

Сынып жетекшісі:

Хафизова Гүлім Сайлаубековна.

#Алтынжүрек

@gumcdo_official

<https://www.instagram.com/reel/Co6bpjkIN5m/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

<https://www.instagram.com/reel/Co652YTDnUO/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

2023 жылдың 16 ақпан күні Астана қаласы ТЖД Есіл ауданы азаматтық қорғаныс басқармасының бас маманы Оспанова Асель №88 мектеп-лицейінің оқушыларына Азаматтық қорғаныс туралы дәріс оқыды.





<https://www.instagram.com/p/Co7AcuXrj5V/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA>==

2023 жылдың 21 ақпанында №88 мектеп-лицейінің 7-11 сынып оқушыларына "Жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру" тақырыбында дәрігер Тутаева А.А және Жунусова Ж.Т дәріс оқыды.



<https://www.instagram.com/p/Co7AcuXrj5V/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA>==

Алғыс айту күніне арналған «Алтын жүрек» республикалық челленджі

#Алтынжүрек

#өзінөзібасқару

#мектеппарламенті

#самоуправление

@rumcdo_official

<https://www.instagram.com/reel/Co7ilRIDTMR/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

<https://www.instagram.com/reel/Co7oVoSjPWp/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

<https://www.instagram.com/reel/Co7qbibjyBn/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

«Сенімен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Садыкова Зауре Жакановна №88 мектеп -лицей ата-аналарына «Қазіргі уақыттағы балалар тәрбиесіндегі негізі проблемалар» тақырыбында дәріс оқыды.





https://www.instagram.com/p/Co_ffM-oFxd/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Жаратылыстану және тарих апталығының аясында 2023 жылдың 24 ақпан күні 8 “А”, 8 “К” сынып оқушыларын Ақмола облысы Ақмол ауылында орналасқан АЛЖИР мұражайлық-мемориалдық кешенге экскурсия жасадық. Жауапты Б.К. Шапишева, Э.А. Шакирова.

«АЛЖИР» – Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері (1938-1953 ж.). Бұл жерде негізінен «халық жауы» деп айыпталған белгілі мемлекет, саяси және қоғам қайраткерлерінің жұбайлары қамалған.

Кеңес Одағының аумағында жүздеген ГУЛАГ жұмыс істеген, осындай ошақтардың бірі Ақмола облысында орналасты. Тұтқындар лагерге Мәскеуден, Ленинградтан, Украинадан, Грузиядан, Армениядан және Орта Азиядан әкелінген. АЛЖИР-де Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов және т.б. қазақ зиялыларының жұбайлары ұсталған. Бұл қорқынышты лагерден 18 мыңға жуық әйел өткен. Аумағында 20-дан астам барақ болған, әр барақта шамамен 300 әйелден қамауда ұсталды. Орындар жеткіліксіз болғандықтан, жаңадан келген әйелдер казармаларды өздері салуға мәжбүр болды. Асхана, мал фермасы, астық камбасы және шеберханалар – түрмедегі әйелдердің қолымен тұрғызылған. Қысқы мерзімде казармадағы температура 6-8 градустан аспаған. Барақтарды жылытатын отын ретінде қамыстар қолданылды. Кейбір әйелдер абақтыға балаларымен бірге

жеткізілген, араларында жүкті кезінде сотталғандары да болды. Балалар 3 жасқа дейін аналарымен болып, содан соң балалар үйіне жіберілген. Тұтқындар күніне 12-15 сағат жұмыс істеген. Тамақтану өте нашар болды – бір үзім қара нан мен әртүрлі жармалардың ботқасы ғана берілген. Әйелдер үнемі аштық сезімімен өмір сүріп, суықтан және аурулардан жиі зардап шеккен. 1943 жыл өте ауыр болды, бұл кезеңде жүздеген тұтқын жан тапсырды. АЛЖИР 1953 жылы Сталин қайтыс болғаннан кейін жабылды. Қазіргі уақытта, түрменің орнында саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған мемориалды-музей кешен.

<https://www.instagram.com/p/CpHRKD1oOw5/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

Алғыс айту күніне орай 8 сыныптар Қарттар үйіне барып, Ұлы Отан соғысының тыл ардагері, Білім саласының үздігінің ардагері, Мәдениет саласының үздігінің ардагерлерін “ Алғыс айту” күнімен құттықтадық.

Қарттарымызға деген қамқорлығымыз бен құрметімізді барынша тағы бір мәрте көрсетуге, ерекше ілтипат танытуға тырысамыз. Өскелең ұрпақ үшін әр салада өзіндік қолтаңбасын қалдырған көнекөз қарияларымыздың орны ерекше.

Алғыс – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай — ақ оның ойы мен іс — әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі.

Алғыс айту күні – Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының, қазақстандық бірегейліктің негізгі арқауы – еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының күні.

Ізгі тілекпен: тарих пәнінің мұғалімі Б. К. Шапишева, математика пәнінің мұғалімі Э.А. Шакирова, физика пәнінің мұғалімі М. Советбекова және барлық 8 сынып оқушылары.

https://www.instagram.com/reel/CpL_2OPooln/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

В рамках празднования Дня благодарения организован челлендж «Қазақ еліне мың алғыс».

Цель: формирование у молодежи чувства патриотизма.

Задачи:

- воспитание настоящих граждан любящего свою Родину
- воспитание гордости и благодарности своей земле, народу.
- формирование чувств сопричастности к своей семье, городу, Отечеству.

#АстанаданҚазақЕлінеМыңАлғыс @parlament_school_student @bilimastana @rumcdo_official

https://www.instagram.com/reel/CpOrEgrI_YS/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Астана қаласы, №88 мектеп-лицейінде 8- наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай, 6-наурыз күні қалалық "Наурыздағы ең ерекше күн" атты әкелер арасында сайыс өтті.

Сайыс 5 кезеңнен тұрды.

1. Әке бұл мақтаныш! таныстыру
2. «Жігітке жеті өнерде аз» тұшпара жасау
3. «Аруға жарасады шолпы, шашбау» - шаш сәні
4. «Көктем аруы» - сән үлгісі / қолда бар материалдан/
5. «Өнерлінің өрісі кең» өз өнерін көрсету /әкесі мен қызы/

Сайыс кезеңдері бойынша әкелер қыздарымен бірге өнерлерін көрсетіп, нан жайып, тұшпара жасады.

Сайыс қорытындысы бойынша

1-орынды Қайым Мұхамедханов атындағы №90 мектеп- гимназиясы Бибосынов Бейбіт және Дүйсенбі Гульфайруз иеленді.

2-орынды №88 мектеп-лицейі Сейілханов Арман және Нұрлан Сұлужан иеленді.

3-орынды №89 мектеп-лицейі Туралин Абзал және Ғабиден Мәриям иеленді.

Сертификат №45 орта мектебі Кенжеахмет Зейін және Сабит Жанар иеленді.

Сертификат Шейх Тәмим бен Хамад әл Тәни атындағы №85 мектеп-лицейі Жүніс Рахат және Жүнісова Малика

Сайыс қатысушылары Астана қаласы Білім Басқармасының диплом, сертификаттарымен марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/CpfJeqasVsh/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>





Журналист Алтай Алмас бізде қонақта 🤝

👤 9-наурыз күні BBC station жобасының “Журналистпен жүздесу” аясында мектебімізде тәуелсіз журналист, блогер Алтай Алмаспен кездесу өтті.

Оқушылар журналистика саласының қыр - сырымен танысып, Алмас ағамыздың шығармашылығына тоқталып, жеке сұрақтарын қойып, сұхбаттасу еркін форматта жүргізілді. Кездесуде ақын қызықты өмірлік оқиғаларымен де, өнердегі тәжірибесімен де бөлісті. Сөз өнерін домбыра үйірмесінің ұстазы мен шәкірттері жалғады. Кешке келген қонағымыз да домбырамен әнін арнады. Кездесу, соңында ұстаздар мен оқушылар журналистке өз алғыс-тілектерін айтып, мектебімізден естелік сый тарту етті.

<https://www.instagram.com/p/Cpl6QoFoQwi/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>



Сонымен қатар мектеп-лицейіміздің оқушылары «Күй күмбірі» атты республикалық домбырашылар челленджіне белсене қатысты. Домбырашылар бір мезгілде Құрманғазы Сағырбайұлының күйін орындады. Челлендждің видеосы мектеп инстаграм парақшасында жарияланды.

Сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/Cp4Q-uDowa5/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

2023 жылдың 14 наурыз күні мектебімізде Ұлттық мерекеміз Наурыз мерекесі тойланды. Мақсаты: Өз Наурыз еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ынтымақ пен ырыстың мерекесі екендігін және қазақ халқының шығармашылық дәстүрлері, ауыз әдебиетінің мұраларымен таныстырып, олардың тарихи маңызын түсіндіру. Халқымыздың салт-дәстүрлерін дәріптеу арқылы оқушыларды еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

1. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі туралы білімдерін тереңдету.
2. Ауызекі сөйлеу арқылы оқушылардың дүние танымын кеңейту.
3. Оқушыларды елін сүйуге, дәстүрлі мерекелерді құрметтей білуге, бойларына адамгершілік жақсы қасиеттерді сіңіре білуге тәрбиелеу.

Наурыз мерекесін тойлауға мектебіміздің оқушылары белсене қатысып, әр сынып өздерінің киіз үйлерін тігіп, қазақтың салт-дәстүрлерін көрсетті.

Сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/Cp4WiX3Drvvy/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

Наурыз мерекесіне орай 7-8 сыныптар арасында қазақ күресінен сайыс өтті. Қазақ күресінен оқушылар өздерінің бақтарын сынады. Төреші дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қошқарбаев Бахытбек Архарович күреске қатысушыларды әділ бағалады. Сайыс барысынан видео материал дайындалып, мектеп инстаграм парақшасында жарияланды.

<https://www.instagram.com/reel/Cp4qhFXDP67/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Молдатаева Айгуль Бегалиевна Ақша жинауға тыйым салу туралы 21.11.2022 № 116 бұйрықпен мектеп ұжымын таныстырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау үшін, педагогикалық ұжымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Ата-аналардан сынып пен бөлмелердің тазалығын сақтауға және жөндеу жұмыстарына, құрал-жабдықтарды, жиһазды сатып алуға, мекеменің аттестациясын өткізуге, педагогикалық ұжымға сыйлықтарға, мерекелерге қарсы іс-шаралар өткізуге және басқаларға мәжбүрлеп ақша қаражаттарын жинауға қатаң тыйым салынсын;
2. Педагогикалық ұжым мен ата-аналар комитетінің мүшелері арасында заңсыз ақша жинау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілсін;
3. Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне және мұғалімдерге шара қолданылсын;
4. Осы бұйрық орындалмаған жағдайда жұмыстан босатуға дейін қатаң тәртіптік шаралар қолданылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуы директордың бақылауында.

Шахмат – зейінді, интеллект пен логикалық ойлауды дамытатын балалар мен ересектерге арналған танымал спорт түрі.

Шахмат – оқушылардың зейін, сыни тұрғысынан және логикалық ойлау, шешім қабылдау, стратегиялық жоспарлау, шығармашылық талдау, қабылдау және бағалау сияқты ақыл-ой қабілеттерін дамытады.

Бүгін, 12 сәуір күні №88 мектеп-лицей "КММ- де шахматтан республикалық челлендж өтті. Челлендж – еліміздің барлық білім беру ұйымдарын біріктіретін, мерекелік көңіл-күй сыйлайтын, оқушылардың зияткерлік ойындарға қызығушылығын арттыратын ауқымды республикалық акция.

Челлендждің мақсаты – шахмат арқылы балалардың зияткерлік және ақыл-ой қабілеттерін дамыту.

#шахмат

#оқуағарту

@bilimastana

@oqu_agartu_ministrliги

Сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/Cq7sRr6Ojf7/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

15- сәуір "Қозы Көрпеш - Баян Сұлу" ғашықтар күніне орай ұлттық құндылықтарды насихаттау, төл әдебиетімізді дәріптеу мақсатында мектебіміздің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жақсылық Айжан Ермаханқызының жетекшілігімен 9 "А" және 10 "А" сыныптарының ұйымдастыруымен " Ғашықтың тілі - тілсіз тіл "тақырыбында әдеби - сазды кеш өткізілді.

Сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/CrEJWVwtNhu/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Кеңес армиясының Ауған территориясынан шығаруына 34 жыл толуына орай сол сұрапыл соғыста жат жерде оққа ұшқан боздақтарды еске алу мақсатында лицейімізде "Ерлікке тағзым!" атты Ауған соғысының ардагерімен кездесу кеші болып өтті. Осы іс-шараға сол соғысқа қатысқан ерлігі мен үздік жауынгерлік қырағы қызметі үшін бірнеше орден-төсбелгілермен марапатталған ардагер ағамыз отставкадағы аға лейтенант Найманов Бақтияр Мырзакулович кеш қонағы болды. Кеш барысында АӘТД пәні оқытушысы сол соғыс тарихына тоқталып, тарихи-статистикалық мәліметтерді көрсете отырып сол жаугершілік уақытқа ақпараттық шолу жасады. Артынша сөз кезегі кеш қонағына беріліп соғыс ардагері қанды қырғында бастан кешкені мен көрген білгенін баяндап өз естеліктерімен бөлісті. Ағамыз әңгімесін аяқтап кеш өзегі сұрақ-жауапқа ұласқанда бағанадан бері қызыға тындап отырған оқушылар сұрақтарын таласа жаудырумен болды. Кеш қонағы барлық сұраққа тұшымды жауап беріп жұрт көңілінен шыға білді. Оқушылар көкейдегі сұрақтарының жауабын алып бойларына жауынгерліктің рухы ұялап тезірек өсіп сарбаз болып сапқа тұрғысы келетіндерін жасырмады. Отан

алдындағы қасиетті борышын қан майданда өтеген ағамыздың берер мол тәлім-тәрбиесіне тәнті болған қатысушылар алғыстарын молынан жаудырды. Кеш соңын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Молдатаева Айгул Бегалиевна қорытынды сөзбен аяқтап, барлық қатысушыларға алғыс білдіріп, ел тыныштығы мен барша халықтың және оқушылардың амандығын тілеп өнегелі насихатпен тәмамдады.

ЖАС ҚАЛАМГЕР ЕРАЛЫ ПАЗЫЛБЕКҰЛЫМЕН КЕЗДЕСУ

20-сәуір күні №88 мектеп-лицейінде бастауыш сынып оқушыларының әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында еліміздің ең жас жазушысы Ералы Пазылбекұлымен кездесу ұйымдастырылды. Ерекше дарын иесі Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданының тұрғыны. Бойындағы ерекше қабілеті төрт жасында-ақ байқалып, кітапқа деген құштарлығы көріне бастаған. Міне, содан қаламды өзіне серік етіп, қызықты ертегілер жазады. Ералы Пазылбекұлының ерекше шығармашылығы бастауыш сынып оқушыларына ұйытқы болып, жаңа қырларына себеп болары сөзсіз. Кездесу барысында мектеп директоры Айтова Жанат Тұрысбекқызы жас жазушыға және оқушыларға өз ықыласын білдірді.

Сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/CrSbdIQNjvf/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

29-сәуірде жалпықалалық сенбілікке №88 мектеп ұжымы белсене қатысты.



1- Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күнін мерекелеу аясында №88 мектеп-лицейі өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары қалалық «Бұл біздің Қазақстан» флешмобына белсене қатысты. Флешмоб видеосы мектеп инстаграм парақшасында жарияланды.

Мақсаты – әлем халықтарының дәстүрлі би өнерімен және олардың шығармашылығымен таныстыру, ұлтаралық және конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді сақтау.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 31 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Ұланды елдің -ұрпағы қайсар» атты республикалық әскери-патриоттық челленджге белсене қатысты.

2023 жылдың 04 мамырында мектебімізде «Ұлы жеңіс жасасын!» атты іс-шара өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деге сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Оқушыларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой - өрісін дамыту. Оқушыларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу. Ұйымдастырған тарих пәнінің мұғалімдері, 5 «Ә», 7 «К», 8 «А» сыныптары белсене қатысты.

Сілтеме:

<https://www.instagram.com/p/Cr26SynMjSM/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

АТА-АНАЛАРМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС

Ағаш отырғызу акциясы

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық мемлекетінің нығайып көркеюі үшін еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа» -деп айтқандай, Әрбір азамат өз туған жерін, өскен ортасын бірінші орынға қоюы керек.

«Бұтақ жайған ағаш қартаймайды, ұрпақ жайған адам қартаймайды,»- дейді. Соңғы кездері тал егу дәстүрі еліміздің түкпір-түкпірінде қолға алынып, тиянақты мән берілуде. Мұның өзі қоғамға пайдасы зор игі бастама емес пе? Акцияны өткізудегі негізгі мақсат қала тұрғындарын қаланы таза ұстауға, жастарды еңбекке жұмылдыру арқылы, қаланы таза әрі жасыл қалаға айналдыруға шақыру болып табылады.Егерде әрбір қала тұрғыны өз ауласын таза ұстап, егілген ағаш көшеттерінің өсуіне жағдай жасаса, қаламыз бұдан да ажарлана түсетіні сөзсіз.

Мектебіміздің ауласын көгалдандыру және көркейту мақсатында “Ағаш отырғызу” акциясы өтті. Акцияға мектебіміздің ата-аналары да қызығушылықпен белсене ат салысты.

Сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/CsGqzb8tk0g/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==>

№88 мектеп-лицейінде балаларды қорғау күніне орай «Балалық шақ әлемі қандай ғажап!» флешмобы ұйымдастырылды.

Мақсаты – балаларға адамгершілік, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру.

Өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары және аға тәлімгер Нуракова Нурсауле Уринбаевнаның ұйымдастыруымен «Менің мектепішілік отбасым» тикток тренді түсіріліп, мектеп инстаграм парақшасына жарияланды.

2023 жылғы 1-маусым күні №88 мектеп-лицейінде балаларды қорғау күніне және 11-сынып оқушыларының мектепті бітіруіне арналған салтанатты саптүзеу өтті.

Сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/Cs8bGYbrn7y/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==>

Күтілетін нәтиже:

1) ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «Қарашаңырақ», «Жетіата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2) отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3) әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4) жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5) тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және

психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;

- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану;

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;

- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

